

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 7

2025 жылдың «22» қаңтар

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы tour.bitrix24.kz конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://tour.bitrix24.kz/video/pu2smNwj>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Абдрахманқызы Саида
2. Боровая Наталья Алексеевна
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Курумбаев Айбулат Шамуратович
5. Нуркебаева Асель Болатовна
6. Оспанова Гульден Джетысовна
7. Салимова Вагида Вилиновна
8. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

9. Устимиров Ильяс Нурланович
10. Жансаитов Рустем Акказинович

Қатысқандар: Коммерцияландыру қызметінің бас менеджерлері Кенжебеков Ернұр Қайратұлы және Сергазиева Айнур Абайдиновна.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның Коммерцияландыру қызметімен жұмыс кездесуі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша коммерцияландыру қызметінің бас менеджерлері Кенжебеков Ернұр Қайратұлы мен Сергазиева Айнур Абайдиновна баяндама жасады және қолданыстағы және жоспарланған жобалар, сондай-ақ коммерцияландыру қызметін жүзеге асыру кезіндегі проблемалық мәселелер туралы әңгімеледі.

Тыңдау барысында, сондай-ақ оның нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері мынадай сұрақтар қойды:

1) Брендтермен ынтымақтастық қандай принциптер бойынша жүзеге асырылады? Қоғам үшін қандай да бір қиындықтар бар ма?

2) Мұндай кейстермен жұмыс істеу шарттары қандай?

3) Мұндай кейстердің туристер үшін қандай артықшылықтары бар?

4) Қауіпсіздік қаншалықты қамтамасыз етілген?

5) Мұндай жағдайларға қатысу критерийлерін қарастыруға бола ма? Мысалы, ағылшын тіліндегі интерфейстің болуы.

6) Мұндай жағдайларда қандай ресурстар қосылады?

7) Өткізілген фасилитациялық сессия бойынша қорытынды есеп бар ма?

8) Маркетингтік бюджетті ұлғайту үшін Қоғам не істейді?

9) Қазақстанның туристік брендин әзірлеу үшін Қоғам қандай қадамдар мен әрекеттер жасауда?

10) Білім алушылардың қызығушылығы үшін Қоғамның онлайн-курстарының ақылы болуын көздеуге бола ма?

11) Қоғамдағы көшбасшылық академиясы не істейді? Оған қатысуға бола ма?

12) Брендтермен ынтымақтастықта такс фри қызметтерін қосуға бола ма?

13) Көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында брендтермен шетелдік туристер үшін жеке контент құру туралы келіссөздер жүргізуге бола ма?

Сондай-ақ, Қоғамдық кеңес мүшелерінен ұлттық брендтерді ілгерілету, олардың өнімдерін сатудың түрлі арналарында белсенді орналастыру, өнімнің сапасы мен оған деген қызығушылықты арттыру үшін елдің шығармашылық тұлғаларын біріктіру жөнінде ұсыныстар түсті. Бұдан басқа, Қоғам өкілдерін өңірлердің орталықтарына сапарға жіберу, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің не Туризм индустриясы комитеті Төрағасының, өзге де Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының визасымен тапсырмалар беру жөнінде ұсыныстар келіп түсті. Тиісті жұмыс тобын құру, өңірлермен байланыс орнату арқылы шетелдік қонақтар үшін туристік алым мөлшерлемесіне қатысты мәселені пысықтау бойынша ұсыныстар түсті.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелері өңірлермен жұмыс істеу бойынша проблемалық мәселелерді талқылады.

Сұрақтарға коммерцияландыру қызметінің бас менеджерлері жауап берді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын назарға алу туралы хабарланды.

Күн тәртібіндегі мәселені қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелеріне дауыс беруге және Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесінің пікірін жазбаша түрде сұратуға арналған бюллетеньдер жіберілді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беру үшін бюллетеньдерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 29 қаңтар, сағат 13.00. Дауыс беру нәтижелерін санау күні: 2025 жылғы 29 қаңтар, сағат 14.30.

Жазбаша түрде пікірі бар ұсынылған бюллетень болмаған жағдайда, Қоғамдық кеңес мүшесі келесі шешімді «Қолдап» дауыс берді деп есептеледі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ұсынған ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібі мәселесі бойынша бюллетеньдерге сәйкес дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім:

Қоғамдық кеңес мүшелерінің бюллетеньдері нәтижесінде келесі шешім қабылданды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ұсынған ақпарат назарға алынсын.

Дауыс беру нұсқалары	Дауыс саны
«қолдады»	8
«қарсы»	1*
«қалыс қалды»	1**
Шешім көпшілік дауыспен қабылданды	

* Қоғамдық кеңестің мүшесі А. Нұркебаева коммерцияландыру қызметі жұмысқа және қойылған міндеттерді іске асыруға дайын емес деген пікір білдіріп, шешім қабылдауға қарсы дауыс берді.

** Қоғамдық кеңестің мүшесі А. Қалқабаев шешім қабылдаудан бас тартты.

Сондай-ақ, Қоғамдық кеңестің мүшесі Е. Тикенов отырысқа қатыспады және отырыста айтылған сұрақтарға жауап алмауына байланысты дауыс бермейтіні туралы пікір білдірді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігінің пікірін ескере отырып, Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселе қаралды. Отырыстың хаттамасы оған қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**



Г. Оспанова

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**



Ш. Бақаева